

«Бекітемін»

Мектеп

директоры

Т.Идренова

« 1 » / 09

2021 жыл

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТӘРБИЕ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 15 СӘУІРДЕГІ
№ 145 БҰЙРЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН, 2019-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН
ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ
Т.ТӨЛЕНОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН



ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:
Хайреденова Айдана

КІРІСПЕ

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясында қазақстандық қоғамдағы заманауи әлеуметтік мәдени трансформация ескеріле отырып әзірленді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде тәрбиенің даму перспективасын, басым бағыттарын, тәрбие мақсаттарын, міндеттерін, бағалау өлшемдерін және механизмдерін анықтайды.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жаһандану дәуірінде қазіргі адамда қоршаған әлемге технократтық және тұтынушылық көзқарас үстем болатын заманауи қоғам дамуының ерекшеліктерін ескереді.

Осыған байланысты адамзатты ұлттың тұрақты дамуының, рухани әлеуетінің артуына кепіл болатын прогрестің рухани-адамгершілік құндылықтарына, ана тілі мен ұлттық менталитеттің маңыздылығын нығайтуға қайта бағдарлау қажет.

Ұлттың ерекшеліктерін, психологиясын, менталитетін ескермеу, ұлттық-мәдени құндылықтар бастауынан алыстау немесе оларды космополитизм мен жалған мәдениет түрлерімен алмастыру – адамның моральдық азуына, қоршаған әлемге агрессиясының артуына, рухани-адамгершілік әлеуетінің құлдырауына әкеліп соқтырады.

Жалпыәлемдік тәрбие жүйесін зерттеу және талдау елімізде біртұтас кешенді тәрбие жүйесін, оның мақсаты мен мазмұнын ұлттық мақсаттар, мәдени құндылықтар мен дәстүрлер, діл ерекшеліктерін ескере отырып, әлемдік озық тәжірибе, заманауи прогрессивті ағымдар, инновациялар үйлесімінде құрудың маңыздылығын көрсетіп отыр.

Туған жерін, халқын сүю және құрметтеу, отбасылық құндылықтарды қастерлеу, үлкенді сыйлау, кең пейілділік, бауырмалдық, ашықтық, қонақжайлылық, толеранттық – қазақ халқының діл ерекшелігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді даму жылдарында барша қазақстандықтарды біріктіретін және ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Жолдауда бұл құндылықтар атап көрсетілген: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Президент сонымен қатар, жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беретін белсенді, білімді және дені сау азамат қалыптастыру міндетін қойды.

Патриот, білімді, дені сау, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты қызмет ететін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген, қазақ халқының жалпыадамзаттық құндылықтар мен мәдениетті бойына сіңірген, толерантты, дүниежүзіне танымал және мәртебелі – 2020 жылғы қазақстандық жастар осындай болады.

Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген аз уақыт ішінде әлемдік қоғамдастыққа толық құқылы және беделді мүше болды, әлемдік экономикалық және мәдени кеңістікке белсенді түрде кіріге бастады. Қазақстандық жастар жаһандану процесіне кірігуі аясында қарқынды білім беру, өзара ақпараттық және мәдени алмасудың белсенді қатысушысы болды. Қазіргі қазақстандық балаларда, жастар ортасында сапалы білім алу уәжінің өсуі, жаңа кәсіптерді және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеруге ұмтылысы, коммуникативтілік, мәдениетаралық қарым-қатынастың артуы, әлеуметтік белсенділігін жандандыру сияқты жаңа позитивті трендтер пайда болды. Өз елінің тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне, халқының мәдени мұрасына қызығушылықтарының артуы негізінде ұлттық өзіндік сананың өсуі байқалады. Жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікке бағдарланған дүниетаным қалыптасу процесі жүріп жатыр.

Елдегі оң өзгерістер білім беру ұйымдарының тәрбие процесінде көрініс тапты. Тәрбие практикасында жалпықазақстандық менталитет, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлер ескерілген ұлттың зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда.

Қазақстанның білім беру жүйесінде оң метапәндік және тәрбиелік әлеуеті бар «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы (Бағдарлама идеясының авторы – С.А. Назарбаева) іске асырылуда. Бағдарлама білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының барлық салаларын қамтиды және тиісінше іске асырылған жағдайда қоғамда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғырту механизмдерінің мықты катализаторы рөлін атқарады. Халықтық педагогиканың көпғасырлық тәжірибесіне негізделген, заманауи тәрбие теорияларының шабыттандыратын идеялары қолданылған «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасына (бұдан әрі - АРБ) әлемдік білім беру кеңістігінде аналог жоқ. Ол балалар мен оқушы жастардың адамгершілік-рухани тәрбиесінде білім берудің барлық деңгейлерінің үздіксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз етеді. Жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарға бағдарланған «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы ізгі ниетті, адамгершілік қасиеттері бар лайықты азамат тәрбиелеуге ықпал етеді, және Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыруда басты механизм болып табылады.

Мұғалімдердің кәсіби қызметінде жастардың функционалдық сауаттылығы, көпмәдениетті тәрбие, үштілді білім беру, ақпараттық технологияларды пайдалану процесі артып отырғаны байқалады. Республикадағы балалар мен оқушы жастарға қосымша білім беру жүйесі, үкіметтік емес және басқа да қоғамдық ұйымдар үлкен мүмкіндіктерге ие болып отыр. Сонымен бірге, балалар мен жастардың бойында ұлттық тәрбие қажеттілігін сезіну мен азаматтық ұстаным, патриоттық сезім, ұлттық намысты қалыптастыру деңгейі арасында қарама-қайшылық байқалады.

Жастардың бір бөлігінде әлеуметтік-позитивті бастамашылық мүлдем жойылып, оның орнын мақсатсыз уақыт өткізу алмастырып отыр. Өмірлік жетістікке, жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу табанды және нәтижелі еңбек етумен, қойылған мақсатқа дәйекті түрде жету білігімен байланыстырылмайды. Тәрбие жұмысында жастардың бос уақытын ұйымдастыру көңіл көтеру сипатындағы бір реттік шоу-шараларға ұқсас.

Тәрбие жүйесінде жаһандану процесіндегі шиеленіспен байланысты бірқатар проблемалар байқалады:

- балалар мен оқушы жастардың бұқаралық мәдениет құндылықтарына, сапасы төмен бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратына және интернет-сайттарға бағдарлануы;

- қатыгездікті насихаттау, балалар мен жасөспірімдердің темекі шегуге, алкоголь және есірткі қолдануға әуестенуі, оқушылар арасындағы жезөкшелік;
- еңбек тәрбиесі рөлінің төмендеуі;
- отбасылық құндылықтар мен отбасылық тәрбие дәстүрлері рөлінің төмендеуі;
- Мектеп жасындағы қыз балалардың ерте жастан жүктіліктің алдын – алу;
- әлеуметтік жетімдік, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид, нашақорлық, діни секталарға қатысу және т.б.

ЮНИСЕФ және ДДҰ 2012 және 2013 жылдардағы деректері бойынша Қазақстан суицид себебінен болған өлім-жітім көрсеткіші жағынан жасөспірімдер арасында екінші орында, ал қыздар арасында бірінші орында. Қазақстан 10-14 жасар жасөспірімдер мен қыздар арасындағы өлім коэффициентінің деңгейі бойынша бірінші орында тұр.

Балаларға қосымша білім беру жағдайы жақсартуды қажет етеді. Көптеген қызмет түрлері ақылы болғандықтан балалардың барлығына бірдей қолжетімді емес.

Мұндай жағдайдың бірден бір себебі тәрбиені әлеуметтік құбылыс және мақсатты процесс ретінде жете бағаламаушылық болып табылады. Тек тәрбие жастардың тұлға ретінде қалыптасуына негіз болатын рухани-адамгершілік құндылықтар мен қасиеттерді қалайды.

Сонымен, қазіргі жағдайда тәрбиенің үйреншікті үлгілері тиімсіз болып қалды және жалпыадамзаттық әрі ұлттық құндылықтарға тәрбиеленген Қазақстан азаматын қалыптастырудың жаңа жағдайлары мен талаптарына жауап беретін Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін дайындаудың объективті алғы шарттары қалыптасты.

ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ, НЫСАНЫ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Мақсаты: Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау.

Міндеттері:

- білім беру ұйымдары, отбасы және басқа әлеуметтік институттардың күшін біріктіру;
- қоғамның тәрбиенің басым рөлін түсінуіне көмектесу;
- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігімен сабақтастығын қамтамасыз ету.
-

Нысаны: білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің біртұтас педагогикалық процесі.

Іске асыру механизмдері: Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде негіз болады.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
 6. Көпмәдениетті және руханият бастауы- көркем-эстетикалық тәрбие
 7. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
 9. «Мәңгілік ел»
 10. «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаланың «Тәрбие және кіші білім бағдарламасы

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады. Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

ТӘРБИЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
3. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
4. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
5. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.
6. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
7. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаттары:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына; заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін жәнежауапкершілік таныту.

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	1 қыркүйек Білім күніне арналған «Кел, балалар оқылық!» салтанатты жиыны «Тәуелсіздік жетістіктері» сынып сағаты	ДТЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер Мектеп медбикесі С.Туменбаева	1.09
2	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Мектепке жол» акциясы (1 тамыз-30 қыркүйек) Қамқорлық көрсету	Әлеуметтік педагог М.Тулешова	1.08-30.09
4	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5 қыркүйек тілдер мерекесіне орай «Ана тілі» тілдер апталығы	Тіл бірлестігі Л.Қайырғали Ұ.Исағалиева А.Жұбатқанова	6-11.09
5	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Жол ережесін білу міндет! «Жол белгілері!» «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» (сынып сағаттары)	ДТЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер	7-11.09
6	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Қауіпсіз мектеп» (мектеп формасы, діни, терроризм алдын алу)	ДТЖО А.Хайреденова Мектеп психологтары Ә.Салихова А.Наурызова ДШЖО	14-18.09

7	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Туған өлке тарихы» (виртуальды саяхат, сынып сағаттары)	ДТЖО А.Хайреденова Д.Хансултанова	21-25.09
8	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Мен және менің құқығым! Кәмілетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі	ДТЖО А.Хайреденова Мектеп психологтары Ә.Салихова А.Наурызова Сынып жетекшілер	5-9.10
9	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жемқорлықсыз болашақ» сурет байқауы, «Біз жарқын болашақ үшін» (дөңгелек үстел)	ДТЖО А.Хайреденова «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы мүшелері Сурет пәнінің мұғалімі И.Майемеров	12-16.10
10	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Діни сауаттылық-қоғам қауіпсіздігі» (кездесу)	ДТЖО А.Хайреденова Мектеп психологтары Ә.Салихова А.Наурызова	16.10
11	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Күзгі демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі»	ДТЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер	26-30.10
12	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Адам құқығы бала құқығынан басталады» 20 қараша -бала құқықтарының халықаралық күні	ДТЖО А.Хайреденова Мектеп психологтары Ә.Салихова Сынып жетекшілер	02-06.11
14	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Бала және оның құқығы» Құқықтық сауаттылықтың қажеттілігі	ДТЖО А.Хайреденова Мектеп психологы А.Наурызова Сынып жетекшілер	16-20.11
15	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	1-желтоқсан – Тұңғыш президент күні «Жарқын болашаққа-Елбасымен!» (кітапханаға виртуальды саяхат, сынып сағаттары)	ДТЖО А.Хайреденова Кітапханашы Ш.Өңешбаева Тәлімгер Д.Хансултанова Сынып жетекшілер	23-27.11

16	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты қабылдау	ДТІЖО А.Хайреденова Тәлімгер Д.Хансултанова	07-11.12
17	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	ҚР-ның Тәуелсіздігіне 30 жыл мерекелік шара «Тұғыры биік-Тәуелсіздік» (сынып сағаттары, сурет, эссе байқаулары)	ДТІЖО А.Хайреденова Д.Хансултанова Сынып жетекшілер	07-11.12
18	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Қыз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері	ДТІЖО А.Хайреденова 1-11 сынып жетекшілері	21-30.12
19	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Құқықбұзушылықтың алдын-алу «Балалық шақ-зорлық-зомбылықсыз» (сурет)	ДТІЖО А.Хайреденова Тәлімгер Д.Хансултанова А.Бажекенова	18-22.01
20	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Туған өлке тұлғалары» (тәрбиелік шара)	Тәлімгер Д.Хансултанова Сынып жетекші А.Жұманова	08-12.02
21	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жол тәртібін жадында ұста!»	Сынып жетекшілер Н.Избасова Н.Тұрсынғалиева	15-19.03
22	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Жас Ұлан» әскери патриоттық клубының шараларын ұйымдастыру, өткізу	Мектеп тәлімгері Д.Хансултанова	12-16.04
23	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Ер жігіт-ел қорғаны » 7 мамыр- Қарулы күштер күні	ДТІЖО А.Хайреденова Тәлімгер Д.Хансултанова Сынып жетекшілер	19-23/04
24	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Бақыт гүлін терген күн!» 9 мамыр Ұлы Жеңіс күні	ДТІЖО А.Хайреденова Тәлімгер Д.Хансултанова Сынып жетекшілер	26-30.04
25	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Қауіпсіз мектеп	ДТІЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер	10-14.05

Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаттары:

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

Мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына; өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына; діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға; түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Рухани-адамгершілік тәрбие	Бірыңғай ата-аналар жиналысы «2021-2022 оқу жылын ұйымдастыру ерекшеліктері» «Өзара қарым-қатынас психологиясы». «Оқушыға көмектесу».	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер	1-4.09
2	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Қыз бала- ұлттың ұяты, халықтың шырайы» Қыздар ұйымының отырысы	ДТІЖО А.Хайреденова Мектеп медбикесі С.Түменбаева 8-11 сынып жетекшілері	08.09
3	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Қарты бар ел-қазыналы ел» (сынып сағаттары)	ДТІЖО А.Хайреденова Тәлімгер Д.Хансултанова Сынып жетекшілер	28-30.09
4	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Ұстаздарға мың алғыс!» Мерекелік шара Сынып сағаттары	ДТІЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер «Өзін-өзі басқару» ұйымы	30-02.10
5	Рухани-адамгершілік тәрбие	Қамқорлық акциясы 10-қаңтар-10 ақпан	ДТІЖО А.Хайреденова Әлеуметтік педагог М.Тулешова Еріктілер клубы	11.01-10.02
7	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Шын жүректен...» тәрбиелік шара «Ақ тілектер күні» «Оқырман отбасы» байқауы	ДТІЖО А.Хайреденова Тәлімгер Д.Хансултанова Сынып жетекшілер	22-26.02

8	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Сүйіспеншілік пен достық» (тренинг жаттығулары)	Мектеп психологтары Ә.Салихова А.Наурызова	01-05.03
9	Рухани-адамгершілік тәрбие	«Ерте жүктіліктің алдын -алу жолдары» (түсінік жұмыстары)	ДТІЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер Мектеп медбикесі С.Түменбаева	05-09.04

Ұлттық тәрбие

Мақсаттары:

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтанғыш сезім және жауапкершілік таныту

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Ұлттық тәрбие	«Тіл-ұлттың жаны» (танымдық сабақ) Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы	ДТІЖО А.Хайреденова Сынып жетекші Н.Сайфуллина	01-4.09
2	Ұлттық тәрбие	"Жас Ұлан" ұйымына оқушыларды қабылдау	Тәлімгер Д.Хансултанова	07-11.12
3	Ұлттық тәрбие	«Жасай бер, Қазақ елі!» (танымдық сағат)	Сынып жетекші	18-22.01
4	Ұлттық тәрбие	«Ұлттық мұра-ұрпаққа аманат» (сынып сағаты)	ДТЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер	08-12.02
5	Ұлттық тәрбие	«Мейрамдардың төресі-көрісу» (шара)	ДТЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер	09-13/03
6	Ұлттық тәрбие	«Ұлыстың Ұлы күні , өз Наурыз»	ДТЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер Тәлімгер Д.Хансултанова	15-19.03

7	Ұлттық тәрбие	18 сәуір-Халықаралық ескерткіштермен тарихи орындар күніне орай «Тарих ғасырлар күесі» «Ескерткіштер –сыр шертеді»	ДТЖО А.Хайреденова Сынып жетекшілер	12-16.04
8	Ұлттық тәрбие	«Бейбіт күн жасасын» (сурет, эссе байқауы)	Тәлімгер Д.Хансултанова Сынып жетекші А.Сәлімжанқызы	26-30.04
9	Ұлттық тәрбие	«Отан де соғады жүрегім» Патриоттық әндер байқауы	Музыка пәнінің мұғалімі Э.Хисметуллина	03-6/05

Отбасылық тәрбиесі

Мақсаттары:

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Отбасылық тәрбиесі	8 Қыркүйек Отбасы күні мерекесін орай «Отбасы-бақыт мекені» Апталық	ДТЖО А.Хайреденова Тәлімгер Д.Хансултанова Сынып жетекшілер А.Жұманова А.Бажекенова Г.Шәукенова	01-4.09
2	Отбасылық тәрбиесі	Ата-аналар жиналысында оқушылардың өмір қауіпсіздігі, оқушылардың тәртібі және мектеп ережесі туралы түсінік жұмысын жүргізу	Мектеп әкімшілігі	04.09
3	Отбасылық тәрбиесі	Өгей ата-анамен тұратын балалар, әлсіз топтардың мәліметін жинақтау	Әлеуметтік педагог М.Тулешова Сынып жетекшілер	14-18.12

4	Отбасылық тәрбиесі	II тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы Ата-аналарға арналған тренинг, жадынамалар тарату	ДТЖО А. Хайреденова Мектеп психологтары Ә.Салихова, Н.Наурызова Тәлімгер Д.Хансултанова Сынып жетекшілер	15.01
5	Отбасылық тәрбиесі	«Әке –шаңырақтың тірегі» (әкелер кеңесі)	ДТЖО А.Хайреденова Әкелер кеңесінің төрағасы	08.12
6	Отбасылық тәрбиесі	8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Сарқылмайтын жылылық, Ана аты-ұлылық» (меркелік шара) «Адамзаттың асылы Ана» (тәрбиелік шара) «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...»	ДТЖО А.Хайреденова Тәлімгері Д.Хансултанова Сынып жетекші Ұ.Исағалиева Қ.Молдашева	01-5.03
7	Отбасылық тәрбиесі	III тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы 1.III тоқсан қорытындысы 2 «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер	09.04
8	Отбасылық тәрбиесі	«Отбасы-өмір аясы» Бірыңғай сынып сағаттары	ДТЖО А.Хайреденова 1-11 сынып жетекшілері	14.05
9	Отбасылық тәрбиесі	II ж.ж қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы 1.IY тоқсандағы оқу үлгерімінің қорытындысы, сыныпаралық аттестаттау туралы, 9 сыныптың мемлекеттік емтиханы туралы 2.10 сыныптың еңбек практикасы, жазғы демалыс туралы	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер	22.05

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаттары:

Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Еңбек бәрін жеңбек...» (танымдық шара)	ДТЖО А.Хайреденова Тәлімгер Д.Хансултанова	14-17 қыркүйек
2	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Тіршілік негізі еңбек»	Сынып жетекшілер	14-18.10
3	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Табиғатқы сый...» (сурет көрмелері, қолөнер)	Сынып жетекшілер	02-6.11
4	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Адамның қоршаған ортамен байланысы»	Тәлімгер	14-18.12
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Жасыл ел» акциясы. «Менің атаулы ағашым»	«Ұл балалар ұйымы» Әкелер кеңесі	19-23/04

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиесі

Мақсаттары:

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

өмір бойы білім алуына;өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне;пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге;Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне;Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;Интернет-сауаттылық қалыптастыруға;ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға;жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиесі	Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы Бірыңғай сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	01-04.09
3	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиесі	«Ұшқыр оймен шешен тіл»	Үйірме жетекшілері	12-16.10
4	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиесі	«Әлемде талай қызық бар»	Сынып жетекшілер	09-13.03

5	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиесі	2 сәуір-Халықаралық балалар кітабы күніне орай «Кітап асыл қазына»	Сынып жетекшілер Кітапханашы	15-19.03
---	---	---	---------------------------------	----------

Көпмәдениеттік және руханият бастауы, көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаттары:

тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық- эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Көпмәдениеттік және руханият бастауы, көркем-эстетикалық тәрбие	«Ғажайып күз» Күз байқауы	ДТЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер	26-30.10
2	Көпмәдениеттік және руханият бастауы, көркем-эстетикалық тәрбие	«Ел таны» (танымдық сағат)	Кітапханашы Ш.Өңешбаева	08-12.02
3	Көпмәдениеттік және руханият бастауы, көркем-эстетикалық тәрбие	«Ұлым, сен де жігіт болып келесің...» Ұл балалармен жұмыс	Ұл балалар ұйымы	24.02
4	Көпмәдениеттік және руханият бастауы, көркем-эстетикалық тәрбие	«Шеберлер алаңы» (шығармашылық байқау)	Үйірме жетекшілері	09-13.03
6	Көпмәдениеттік және руханият бастауы, көркем-эстетикалық тәрбие	«Күлкі көңіл ажары» КТА	«Жас Ұлан» ұйымы Д.Хансултанова	29-2.04
7	Көпмәдениеттік және руханият бастауы, көркем-эстетикалық тәрбие	1 мамыр-Бірлік пен татулық күні (Ассамблея) «Қазақстан-бейбітшілік пен келісім мекені»	ДТЖО А.Хайреденова Тәлімгер Д.Хансултанова	26-30.04

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаттары:

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату

Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):

денсаулық жағдайының скринингіне;әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге;теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге;табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа;өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа;қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге;денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіруі

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Денсаулық фестивалі-2020»	Дене тәрбиесі мұғалімдері Мектеп медбикесі С.Түменбаева	04.09
2	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Нашақорлыққа жол жоқ! (сынып сағаты)	Сынып жетекшілер	23.10
3	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Салауатты өмір салты-ғасыр ұраны» (Дүниежүзілік туризм күні)	Сынып жетекші Н.Тұрсынғалиева	09-13.11
4	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	1-желтоқсан Бүкіл әлемдік ЖИТСке қарсы күн Ғасыр індетінен сақтанайық!	Мамандармен кездесу ДТЖО	23-27.11
5	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Қысқы демалыс кезінде өмір қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы	ДТЖО А.Хайреденова 1-11 сынып жетекшілері	21-25.12
6	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Дені саудың-жаны сау» 7 сәуір- Дүниежүзілік денсаулық күні	Мектеп медбикесі С.Түменбаева Сынып жетекшілер	05-09.04
7	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Туберкулезден сақтан!» 24 сәуір- Туберкулезге қарсы күрес күні	ДТЖО А.Хайреденова Мектеп медбикесі С.Түменбаева	19-23/04
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Жаз кезіндегі өмір қауіпсіздігі	ДТЖО А.Хайреденова Лагер басшысы	17-21.05